
 КАЗТЕЛЕРАДИО	СД-СУР-ПЛ-2018	Редакция 1	Өзгерістер 0	Бет 1 барлығы 17
	«Қазтелерадио» АҚ тәуекелдерді басқаруы			



«Қазтелерадио» АҚ тәуекелдерді басқару саясаты

Әзірлеген:
Ильясова А.Р.
Тәуекелдерді басқару қызметінің бас маманы

Мазмұны

Бөлімнің №	Бөлімнің атауы	Беті.
1	Жалпы ережелер	3
2	Терминдер, анықтамалар мен қысқартулар	3
3	Тәуекелдерді басқарудың мақсаты, міндеттері мен қағидалары	5
4	ТБЖ-ның ұйымдастыру құрылымы	6
5	ТБЖ қатысушылардың қызметі	7
6	ТБЖ жұмыс істеу үдерісі	11
7	Қоғамның түйінді тәуекелдеріне төзімділіктің тәуекел-аппетиті мен деңгейлерін анықтау	14
8	Тәуекелдерді сәйкестендіру, жіктеу және оларды бағалау және басқару әдістері	14
9	Тәуекелдер туралы ақпараттың құпиялылығына қойылатын талаптар	15
10	ТБЖ тиімділік өлшемдері	15
11	Жауапкершілік	16
	Өзгерістерді тіркеу парағы	17

1. Жалпы ережелер

2. Осы «Қазтелерадио» АҚ тәуекелдерді басқару саясаты (бұдан әрі - Саясат) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне, Жарғыға және өзге де ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес, сондай-ақ, корпоративтік басқарудың талаптарын есепке ала отырып, әзірленді.

3. Осы Саясат тәуекелдерді басқару жүйесінің мақсаттары мен міндеттерін белгілейді, тәуекелдерді басқару жүйесінің ұйымдастырушылық құрылымы мен қатысушылардың есептілігінің деңгейлерін анықтайды, «Қазтелерадио» АҚ-дағы тәуекелдерді басқару үдерісін, тәуекелдерді басқару бөлігіндегі бизнес-үдерістердің негізгі өзара байланыстарын, Тәуекелдерді басқару қызметі тиімділігінің тәуекелдері мен критерийлері туралы ақпараттың құпиялылығы мәселелерін сипаттайды.

3. Осы Саясаттың әрекеті «Қазтелерадио» АҚ қызметінің барлық түрлеріне таратылады және «Қазтелерадио» АҚ барлық ҚБ мен жұмыскерлерінің қолдануы үшін міндетті болып табылады.

4. Тәуекелдерді басқару саласындағы реттеуші құжаттар қажеттілігіне қарай олардың «Қазтелерадио» АҚ мақсаттарына, масштабтары мен міндеттеріне сәйкестілігін қамтамасыз ету үшін, тәуекел-менеджменттің алдыңғы қатарлы тәжірибесі мен жинақталған тәжірибені ескеру үшін, сондай-ақ, тәуекел-менеджменттің реттеуші жаңа талаптарын, тәжірибесі мен стандарттарын есепке алу үшін қайта қарастырылады.

5. Тәуекелдерді басқару «Қазтелерадио» АҚ барлық ҚБ олардың басымдылығы мен маңыздылығына қарай қамтиды.

6. Тәуекелдерді басқару туралы ақпарат және оның негізгі ережелері «Қазтелерадио АҚ-ның жылдық есебінде ашылады және «Қазтелерадио» АҚ-ның веб-сайтына орналастырылады. Осы Саясат және тәуекелдерді басқару саласындағы басқа да құжаттар «Қазтелерадио» АҚ-ның барлық жұмыскерлері мен лауазымды тұлғаларына интернет портал арқылы қолжетімділік құқығы аясында қолжетімді. Тәуекелдерді басқару жүйесіндегі өзгерістер «Қазтелерадио» АҚ-ның барлық жұмыскерлері мен лауазымды тұлғаларының назарына электрондық пошта және/немесе өзгерістерді интернет порталға орналастыру арқылы жеткізіледі.

7. «Зерде» Ұлттық инфокоммуникация холдингі» АҚ әдістемелік, кеңесшілік қолдау көрсетеді, сондай-ақ, тәуекелдерді басқару жүйесін дамыту және жетілдіру жөніндегі қызметті үйлестіреді.

2. Терминдер, анықтамалар мен қысқартулар

8. Осы саясатта мынадай қысқартулар қолданылады:
- 1) Қоғам – «Қазтелерадио» АҚ;
 - 2) ТБЖ – тәуекелдерді басқару жүйесі;
 - 3) ҚБ – Қоғамның құрылымдық бөлімшелері;
 - 4) Қызмет – Тәуекелдерді басқару қызметі – Қоғамның тәуекелдерін басқару жөніндегі қызметін ұйымдастыруға жауапты ҚБ;
 - 5) СМДЖ – сана менеджменті жүйесі;

6) ІБЖ – ішкі бақылау жүйесі;

7) Холдинг – «Зерде» Ұлттық инфокоммуникация холдингі» АҚ, Жалғыз акционер және иегер компания.

9. Осы Саясатта тиісті анықтамалары бар мынадай терминдер қолданылады:

1) тәуекелдің иесі – белгілі бір тәуекелді басқару, нақтырақ айтсақ, тәуекелдің іске асу ықтималдығын төмендету және/немесе тәуекелдің іске асуынан болатын салдарлардың Қоғамға ықтимал әсерін төмендетуді басқарудың барлық аспектілері үшін жауапты тұлға (жұмыскер/ҚБ/алқалық орган);

2) тәуекелдер картасы – бұл Қоғам тәуекелдерінің олардың әлеуетті әсері мен іске асу ықтималдылығы шамасына графикалық кескіні;

3) шешуші тәуекелдер – Қоғам қызметіне және тәуекелдерді сәйкестендіру шеңберінде анықталатын стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге теріс әсерін тигізуі мүмкін барынша маңызды (қауіпті шектегі) тәуекелдер;

4) шешуші тәуекелдік көрсеткіштер – бұл қызметтің әртүрлі салаларында тәуекел-факторлардың өзгерістерінің ерте сигналдарын сипаттайтын ерте индикаторлар. Ықтимал тәуекелдерді анықтауға және тәуекелдік оқиғалардың басталуын болдырмауға немесе ұйым қызметіне олардың әсерін барынша төмендету мақсатында уақытылы шаралар қабылдауға мүмкіндік береді;

5) Сапа жөніндегі комитет – СМЖ, ІБЖ, ТБЖ шеңберінде Қоғамның ағымдағы қызметін басқарудың алқалы реттеуші жұмысшы органы;

6) тәуекел – теріс салдарларға алып келетін оқиғаның туындау/басталу мүмкіндігі;

7) тәуекел тәбет – бұл Қоғам өз мақсаттарына жету үдерісінде өзі үшін қолайлы деп есептейтін тәуекел дәрежесі;

8) тәуекелдер тіркелімі – Қоғам өз қызметінде кездесуі мүмкін негізгі тәуекелдер тізбесі;

9) тәуекел үйлестіруші – Қоғамның ҚБ жауапты жұмыскері, оның міндеттемелеріне өз ҚБ тәуекелдерді басқару жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру мен ТБЖ рәсімдерін іске асырудың барлық кезеңдерінде Қызметпен ынтымақтастық жасау кіреді;

10) тәуекел-коммуникация – тәуекелдерді басқару үдерісінің және барлық негізгі бизнес үдерістердің бөлшегі болып табылатын қолдаушы үдеріс, өмірде бар және ықтимал тәуекелдер туралы хабардарлық дәрежесін және тәуекелдерді басқарудың шешімдері мен әдістері туралы жұмыскерлердің білім деңгейін көтеруге мүмкіндік береді;

11) ТБЖ (Тәуекелдерді басқару жүйесі) – бірыңғай үдерістерге біріктірілген өзара байланысты бөлшектердің жиыны, оның аясында Директорлар кеңесі, Басқарма, ҚБ басшылары мен жұмыскерлері, әрқайсысы өз деңгейінде, Қоғам қызметіне әсер етуі мүмкін ықтимал оқиғаларды анықтауға, Холдинг үшін тәуекел деңгейінің қолайлы шеңберінде осы оқиғаларды басқаруға қатысады;

12) оқиға – Қоғамға қатысты ішкі немесе сыртқы дереккөзі бар және алға қойылған мақсаттарға жетуге әсер ететін оқиға (жағдай). Оқиғалардың әсері оң, теріс немесе аралас болуы да мүмкін;

13) тәуекелдерді басқару – стратегиялық басқарудың және ішкі бақылаудың аса маңызды бөлшегі, ол дәйекті, шешімдер қабылдау үдерісін үздіксіз жетілдіруге



және қызметтің ырғақты дамуына ықпал ететін кезеңдерден тұратын итеративті үдерісті білдіреді. Дәйекті кезеңдерге мыналар кіреді:

тәуекелді сәйкестендіру;

тәуекелді сандық әрі сапалық бағалау (тәуекелді өлшеу);

тәуекелге жауап қату шараларын жасап шығару (қабылдау, жалтару, тәуекелді тапсыру, қысқарту);

қабылданған тәуекелдерді бақылау;

тәуекелдерді басқару жүйесі тиімділігін мониторингтеу;

14) төзімділік деңгейі – нақты мақсат немесе міндетке қол жеткізуге қатысты ауытқудың жарамды деңгейі. Төзімділік деңгейі тиімді мониторинг жүргізуге және тәуекел-тәбет деңгейінің көтерілуін болдырмауға мүмкіндік береді.

3. Тәуекелдерді басқарудың мақсаты, міндеттері мен қағидалары

10. Тәуекелдерді басқарудың басты мақсаты пайда табу мақсатында мүмкіндіктерді барынша пайдалану мен шығындарды болдырмау арасындағы теңгерімге қол жеткізу болып табылады.

11. ТБЖ мақсаттары:

1) Қоғам мүдделерін қорғау;

2) Қоғамның стратегиялық және жедел тұрақтылығын қамтамасыз ету;

3) Қоғамда оған тиімсіз тәуекелдер туындаған кезде шығындарды төмендету;

4) Қоғам тәуекелдерін анықтау, бағалау және басқаруға біркелкі және дәйекті тәсілдер әзірлеу және қолдану, тігінен (басқару) және көлденеңінен (тәжірибе алмасу) тәуекелдер туралы ақпарат алмасу рәсімдерін оңайлату;

5) Қоғамның тәуекелдері туралы ақпаратты жүйелендіру мен одан әрі жинақтау және бизнестің басқарылушылығын көтеру.

12. ТБЖ негізгі міндеттері мыналар:

1) алға қойылған мақсаттар мен міндеттерді қамтамасыз ету мақсатында тәуекелдерді басқарудың үздіксіз келісілген, уақытылы сәйкестендіруге, бағалауға, мониторингтеуге, бақылауға негізделген үдерісін қамтамасыз ету;

2) ықтимал жағымсыз оқиғаларды болдырмау және барынша азайтуға мүмкіндік беретін ТБЖ енгізу және жетілдіру (алдын алу шаралары);

3) ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру және бөлу;

4) табыстылық пен тәуекелдің теңгерілген арақатынасын қамтамасыз ету;

5) Қоғам активтері мен акционерлік капиталын қорғауды қамтамасыз ететін қызмет тиімділігін көтеру арқылы шығындар мен жоғалтуларды болдырмау;

6) бизнес-үдерістердің тиімділігін, сыртқы және ішкі есептіліктің нақтылығын қамтамасыз ету және заң нормаларының сақталуына ықпал ету.

13. ТБЖ негізгі ұстанымдары мыналар:

1) тұтастық – тәуекелдің барлық түрлері мен факторлары жиынтығының жалпы бағасына көзделген ұйымдасқан және функционалды түрде байланысқан бөлшектердің кешені және жүйеге тәуекел факторларының әсерін осы тәуекелдердің арасындағы өзара байланыс сипатын ескере отырып, барынша төмендетуге қабілетті үдерістерді басқару;

2) ашықтық – ТБЖ автономды әрі оқшау жүйе ретінде қарастыруға тыйым салу;

3) хабардарлық – тәуекелдерді басқару шынайы, нақты және өзекті ақпаратпен бірге жүреді;

4) үздіксіздік – тәуекелдерді басқару тәуекелдерді басқарудың қабылданған әдістемелерді, лимиттерді, қаржы көрсеткіштерін, шаралары мен құралдарын жеке тәжірибе негізінде үнемі қайта қарастырып тұруды талап ететін тұрақты түрде жетілдірілетін үдеріс, ішкі және сыртқы тәуекелдерді шын сандық әрі сапалық бағалауды қамтамасыз ету үшін жинақталған отандық және шетелдік тәжірибені ескере отырып, жаңа техникалық құралдар мен әдістердің пайда болуы болып табылады;

5) экономикалық орындылық – тәуекелдерді барынша азайтудан келетін ықтимал зарар мен шығындардың салыстырмалылығы; тәуекелдерді бақылау шараларының құны осы тәуекелден келетін ықтимал шығындар шамасынан төмен болуы тиіс;

6) өзара іс-қимыл және мамандану – барлық мүдделі жұмыскерлердің өзара нақты іс-қимылы негізінде тәуекелдерді барынша азайту жөніндегі шараларды жүзеге асыру, қызметтің нақты бір түріне көбірек дайындығы бар Қоғам ҚБ мен жұмыскерлерін қорғаныс шаралары мен құралдарын әзірлеуге және енгізуге тарту және олардың алға қойған мақсаттарға жетуге арналған күш-жігерлерін үйлестіру;

7) үздіксіз жетілу – ақпараттық жүйелер, рәсімдер мен технологиялармен қоса, сыртқы ортадағы стратегиялық міндеттерді, өзгерістерді, тәуекелдерді басқарудың әлемдік тәжірибесіндегі жаңалықтарды ескере отырып, тәуекелдерді басқару жөніндегі жұмысты жетілдіру.

4. ТБЖ-нің ұйымдастыру құрылымы


14. Қоғамдағы ТБЖ ұйымдастырушылық құрылымы ақпараттар ағынын тігінен де, көлденеңнен де қамтамасыз етеді.

15. Төменнен-жоғарыға тігінен түсетін ақпарат Холдингті, Қоғамның Директорлар кеңесін, Басқармасын ағымдағы қызмет туралы, қызмет барысында қабылданған тәуекелдер туралы, олардың бағасы, бақылануы, оларға жауап қату әдістері мен оларды басқару деңгейі туралы мәліметтермен қамтамасыз етеді.

16. Жоғарыдан төмен жіберілген шешімдер Қоғамның мүдделі ҚБ-нің назарына мақсаттарды, стратегияларды және алға қойылған міндеттерді, Холдингтің, Қоғамның Директорлар кеңесінің, Басқармасының шешімдерін қабылдау, сондай-ақ, Қоғам тәуекелдерін басқару жөніндегі құжаттарды бекіту жолымен жеткізуді қамтамасыз етеді.

17. Көлденеңнен ақпарат беру дегеніміз тәуекелдерді басқару жөніндегі қызметті ұйымдастыруға жауапты Қоғамның ҚБ-нің және жұмыскерлерінің өзара іс-қимылын білдіреді.

18. Қоғамның ТБЖ құрылымы 1 суретте ұсынылған.



1 сурет

5. ТБЖ қатысушылардың қызметі

19. Қоғамның Директорлар кеңесі ТБЖ қадағалауды жүзеге асыруда шешуші рөл атқарады және мына функцияларды атқарады:

1) Қоғам қызметінің ұзақмерзімді және қысқамерзімді мақсаттары мен міндеттерін анықтау;

2) Тәуекелдерді басқару саясатын бекіту;

3) осы Саясатты бекіту жолымен тәуекелдерді мониторингтеу мен бақылау жөніндегі жауапкершіліктер деңгейлерін бекіту;

4) сыртқы аудиторлардың ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқаруды жақсарту жөніндегі қорытындыларын және Қоғамның Ішкі аудит қызметі жүргізген тексерулер нәтижелеріне талдау жасау;

5) тәуекелдерді басқару туралы тоқсан сайынғы есептерін қарау;

6) ТБЖ тиімділігі туралы есептерді қарау;

7) Директорлар кеңесі жанынан құрылған комитеттер арқылы қызметті мониторингтеуді жүргізу;

8) тәуекел тәбетті, Қоғамның тәуекелдер мен тіркелімі мен тәуекелдер картасын бекіту;

9) тәуекелдерді барынша азайту жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту (Тәуекелдер тіркелімі шеңберінде).

20. Директорлар кеңесі жанынан, тәуекелдерді басқару жөніндегі функцияларды тиімді жүзеге асыру мақсатында, Аудит жөніндегі комитет құрылды.

21. Қоғамның Директорлар кеңесі аудит жөніндегі комитеті тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша мына функцияларды жүзеге асырады:

1) ТБЖ мен ІБЖ жағдайы туралы сыртқы және ішкі аудиторлардың есептерін талдайды;

2) Қоғамның ТБЖ құралдарының тиімділігіне талдау жасайды, сондай-ақ, оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар береді;

3) ТБЖ қатысты Қоғамның ішкі және сыртқы аудиторларының ұсынымдарының орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

4) өзекті тәуекелдер мен бақылау проблемалын және тәуекелдерді басқарудағы Қоғамның тиісті жоспарларын қарастыру үшін Қоғам басшылығымен тұрақты кездесулер өткізіп тұрады;

5) Қоғамның Директорлар кеңесі қарауына және бекітуіне шығарылатын құжаттар мен материалдарды (саясатты, қағидаларды, есептерді және басқ.) алдын ала құптайды.

22. Қоғам Басқармасы корпоративтік саясатты орындауды және ұстануды қамтамасыз ету үшін тиімді ТБЖ ұйымдастыру үшін жауапкершілік арқалайды. Қоғам Басқармасы тәуекел-менеджменттің саясатын бейнелейтін «Тәуекелдерді мойындау» мәдениетін құру үшін жауапты. Қоғам Басқармасы мына функцияларды жүзеге асырады:

1) осы Саясаттың және тәуекелдерді басқару жөніндегі басқа да ішкі нормативтік құжаттардың ережелерін іске асыру және қамтамасыз ету;

2) Қоғамның Директорлар кеңесінің қарауына және бекітуіне, бекітілген нормативтік құжаттарға сай, есептер мен басқа да құжаттарды ұсыну;

3) ықтимал тәуекелдерді теңестіруге және бағалауға мүмкіндік беретін тиімді ТБЖ ұйымдастыру;

4) Қоғам тәуекелдерін басқару туралы есептерді қарау және өз құзыреті шеңберінде тиісті шаралар қабылдау;

5) Директорлар кеңесі бекіткен нормативтік құжаттар шеңберінде жауап қату жөніндегі іс-шараларды бекіту;

6) тәуекелдерді басқару саласындағы ішкі рәсімдер мен регламенттерді жетілдіру;

7) Қоғамның Директорлар кеңесі құзыретіне жатпайтын Қоғамдағы тәуекелдерді басқару жөніндегі құжаттарды бекіту;

8) Қоғам Басқармасы тәуекелдерді басқару саласындағы функциялардың бір бөлігін функциялары мен уәкілеттіктері тиісті нормативтік құжаттарда анықталған тиісті комитеттер құру арқылы жүзеге асыруға құқылы .

23. Тәуекелдерді басқару мәселелері мен Қоғамдағы үдерістерді басқару сапасы бойынша тәуекелдер иелерінің тиімді өзара іс-қимыл жасауы мақсатында Сапа жөніндегі комитет жұмыс істейді. Сапа жөніндегі комитет мына функцияларды жүзеге асырады:

1) Қоғамның ішкі нормативтік құжаттары жобаларын қарау мен алдын ала мақұлдау;

2) Қоғамның бекітілген құжаттарын мерзімді жаңартылуын және жетілдірілуін, сондай-ақ, Қоғам басшылары мен жұмыскерлерін жүйелі түрде оқытудың ұйымдастырылуын бақылау;



3) тәуекелдердің жағдайын, бекітілген тәуекел-тәбеттерді Қоғамның сақтауын бақылау мен мониторингтеуді жүзеге асыру нәтижелері бойынша ұсыныстарды қарау және дайындау және Қоғамның ҚБ тәуекелдерді басқару жөніндегі ішкі нормативтік құжаттарын орындауы;

4) тәуекелдерді басқару жөніндегі автоматтандырылған ақпараттық жүйеге қойылатын функциялық талаптарды қарау;

5) жағымсыз әсерлер, оның ішінде нарықтық талаптардың өзгеруі, форс-мажорлық жағдаяттардың басталуы және т.т. туындаған кезде іс-шаралар жоспарларын жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды қарау және дайындау;

6) тәуекелдерді басқару үдерісінде Қоғамның ҚБ өзара іс-қимылын үйлестіруді жүзеге асыру;

7) тәуекелдерді басқару жөніндегі есепті қарау;

8) Қоғам Басқармасының қарауына және бекітуіне шығарылған тәуекелдерді басқару жөніндегі мәселе бойынша құжаттар мен есептерді қарау және мақұлдау;

9) ТБЖ жетілдірудің жыл сайынғы жұмыс жоспарын қарау және мақұлдау;

10) Қоғамның Директорлар кеңесіне, Басқармасына Сапа жөніндегі комитет қызметінің нәтижелері туралы есеп ұсыну;

24. Қызмет мына функцияларды жүзеге асырады:

1) тәуекелдерді басқару жөніндегі Қоғамның осы Саясатын әзірлеу және жетілдіру;

2) Қоғамның тәуекел-тәбетін және тәуекелдерге төзімділік деңгейін анықтау;

3) Қоғамның тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау үдерістерін реттейтін ішкі нормативтік құжаттаді әзірлеу және өзектендіру;

4) Қоғам қызметіне тән тәуекелдерді Қоғамның Тәуекелдер тіркемесі және тәуекелдер картасы, тәуекелдерді басқаруды мониторингтеу жөніндегі тоқсан сайынғы есептер арқылы бағалау (сәйкестендіру және өлшеу);

5) анықталған тәуекелдерге жауап қату әдістерін таңдау және тәуекелдердің иелерімен бірлесіп, тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеуді қамтамасыз ету;

6) Қоғам қызметіне тән тәуекелдерді бақылау және мониторингтеу;

7) бұйырмыс тәуекелдерді бақылау мақсатында лимиттер жүйесін әзірлеу;

8) инвестициялық жобаларды іске асыру барысында тәуекелдерді бағалау модельдерін әзірлеу, құру және жетілдіру;

9) Қоғамның Даму стратегиясын әзірлеуге қатысу;

10) Қоғам қызметіндегі ықтимал тәуекелдік сценарийлерді стресс-тестілеуді өткізу;

11) өзекті тәуекелдік индикаторлар жүйесін құру арқылы Қоғамда ерте бастан тәуекелдердің алдын алу және болдырмау жүйесін ұйымдастыру;

12) Қоғамның тәуекел-аудиттері үдерістерін өткізу және үдерістерді жақсарту жөнінде ұсынымдар беру;

13) Қоғамның бизнес-үдерістерін сипаттау мен оңтайландыру жөніндегі қызметін бақылау;

14) тәуекелдердің иелерімен бірлесіп Қоғам үдерістеріндегі бақылау рәсімдерін белгілеу және өзектендіру;



15) Қоғам үдерістеріндегі тәуекелдерді анықтау және қажетті бақылау рәсімдерін белгілеу мақсатында Қоғамның ҚБ әзірлейтін ішкі нормативтік құжаттар жобасын қарау;

16) Қоғамның тәуекелдері мен бақылаулары матрицасын әзірлеу;

17) Қоғам үдерістеріндегі мүдделер тартысын анықтау және өкілеттіктерді бөлу матрицасын әзірлеу;

18) Қоғам үдерістерінің шешуші көрсеткіштерін орындаудың нәтижелілігін және шешуші тәуекелдік индикаторлар деңгейін бақылау;

19) Қоғамның Сапа жөніндегі комитеті жұмысын үйлестіру, Тәуекелдер жөніндегі комитет отырыстарының материалдарын дайындау, шешімдері мен хаттамаларын рәсімдеу;

20) Қажеттілігіне қарай Қоғам филиалдары үдерістерінің тәуекел-аудиттерін өткізу;

21) Басқарма мен Директорлар кеңесін Қоғам қызметіндегі тәуекелдердің ағымдағы деңгейі туралы ақпараттандырып отыру;

22) тәуекелдерді басқару, Қоғам үдерістерін ішкі бақылау және оңтайландыру мәселелері бойынша ҚБ әдістемелік және ақыл-кеңестік көмек көрсету;

23) Қоғам үдерістерін нәтижелі орындау үшін ҚБ өзара іс-қимылын бақылау;

24) тәуекелдерді басқару, Қоғам үдерістерін ішкі бақылау және оңтайландыру мәселелері бойынша сыртқы тараптармен өзара іс-қимыл;

25) Қызметке жүктелген өзге де функцияларды оның құзыреті шегінде жүзеге асыру.

25. Қызметтің жауапкершілігі, өкілеттігі осы Саясатпен, Қызмет туралы ережемен және лауазымдық нұсқаулықтармен қарастырылған.

26. Қоғамның Ішкі аудит қызметі тәуекелдерді басқару үдерісінде мына негізгі функцияларды жүзеге асырады:

1) Ішкі бақылау жүйесінің сенімділігін және тиімділігін бағалау;

2) ТБЖ сенімділігін және тиімділігін бағалау;

3) Бухгалтерлік есепке алу жүйесінің нақтылығын, толықтығын, шынайылығын және қаржы есептілігінің сенімділігін бағалау;

4) Қоғамның Қазақстан Республикасы заңнамасы талаптарын сақтауын бағалау және осы талаптарға сәйкестікті қамтамасыз ету үшін жасалған және қолданылатын жүйелер мен рәсімдердің сайма-сайлығын бағалау (комплаенс-бақылау);

5) Қоғам ресурстарын пайдаланудың және Қоғам мүлкінің сақталуын қамтамасыз етудің қолданылатын әдістерінің (тәсілдерінің) ұтымдылығы мен тиімділігін бағалау;

6) Қоғамдағы корпоративтік басқару үдерісін жетілдіруді бағалау;

7) Қоғамның Басқарма мүшелері мен оның жұмыскерлерінің инсайдерлік ақпарат және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, этикалық талаптарды сақтауға қатысты Қазақстан Республикасы заңнамасы мен ішкі құжаттардың ережелерін сақтауын бағалау.

27. ТБЖ тиімділігін бағалау «Қазтелерадио» АҚ тәуекелдерін сәйкестендіру, бағалау және басқару қағидаларындағы әдістемеге сәйкес жүргізіледі.

28. ТБЖ тиімділігі сыртқы аудиторлар немесе тәуелсіз сарапшылар бес жылда бір рет өткізетін тәуелсіз тексерулердің нәтижелерімен расталады.

 КАЗТЕЛЕРАДИО	<i>СД-СУР-ПЛ-2018</i>	<i>Редакция 1</i>	<i>Өзгерістер 0</i>	<i>Бет 11 барлығы 17</i>
	<i>«Қазтелерадио» АҚ тәуекелдерді басқаруы</i>			

29. Қоғамның ҚБ ҚБ әр басшысының тұлғасында Қоғамның тәуекелдерді басқару құрылымындағы маңызды бөлшек болып табылады. ҚБ (тәуекелдердің меншік иелері) тәуекелдерді басқару үдерісінде шешуші рөл атқарады және төмендегілерге жауапты:


- 1) тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау;
- 2) тәуекелдерді уақытында анықтау және тәуекелдерді басқаруға жауапты ҚБ өз қызметі саласындағы айтарлықтай тәуекелдер туралы ақпараттандыру;
- 3) іс-шаралар жоспарына кіргізу үшін тәуекелдерді басқару жөніндегі ұсыныстарды уақытылы ұсыну.

30. тәуекелдерді басқару барысындағы Қоғамның ҚБ негізгі функциялары Основными:

- 1) тоқсан сайынғы негізде қайта қарай отырып (қажеттілігіне қарай), жыл сайынғы негізде тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау;
- 2) тәуекелдерді басқару туралы есептілікті уақытылы қалыптастыру және оны Қызметке ұсыну;
- 3) өз құзыреті шеңберінде тәуекелдерді басқару жөніндегі әдістемелік және нормативтік құжаттаманы әзірлеуге қатысу;
- 4) тәуекелдерге жауап қату және басқару және тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шараларды орындау бойынша тұрақты негізде есептілік ұсыну жөніндегі бекітілген іс-шараларды іске асыру;
- 5) тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарларын әзірлеу жөніндегі және тәуекелдерді төмендету шаралары туралы ұсыныстар енгізу;
- 6) іске асырылған тәуекелдер туралы ақпаратты Қызметке уақытылы ұсыну;
- 7) тәуекелдерді бағалаудың алдыңғы бағаларының өзгерістеріне әбден алып келуі мүмкін сыртқы/ішкі факторлардың үстінен бақылауды жүзеге асыру, тиісті ақпаратты Қызметке тапсыру;
- 8) Қоғамның тәуекел-коммуникациялары мен тәуекел-мәдениетін дамыту үдерісіне үлес қосу.

6. ТБЖ жұмыс істеу үдерісі

31. Тәуекелдерді басқару тұрақты, ырғақты, үздіксіз және циклды үдеріс болып табылады, оның шеңберінде ТБЖ қатысушыларының арасында ақпарат пен коммуникация алмасу жүріп жатады. ТБЖ жұмыс істеу үдерісі 2 суретке сай кезеңдерден тұрады.



2 сурет

32. Қоғам мақсаттарын қою ТБЖ шеңберіндегі шешуші бөлшек болып табылады. Мақсаттар Қоғам басшылығы олардың жетістіктеріне теріс әсер етуі әбден мүмкін оқиғаларды анықтап бастаған сәтке дейін анықталуы тиіс. Мақсаттарға қол жеткізу Қоғам қызметін қысқамерзімді, ортамерзімді және ұзақмерзімді кезеңдерге дұрыс стратегиялық жоспарлау жолымен жүзеге асырылады. Осы мақсаттар үшін Қоғам бюджеттерді, даму жоспарларын, дамудың стратегиялық бағыттары мен ұзақмерзімді стратегияларды әзірлейді.

33. Ішкі орта Қоғамның тәуекелдерге жалпы қарым-қатынасын және тәуекелдерді оның жұмыскерлері қалай қарастыратынын және жауап қататынын анықтайды. Ішкі орта ТБЖ барлық басқа компоненттері үшін негіз болып табылады, тәуекел-менеджмент философиясын, тәуекел-тәбетті, басқару органдары тарапының бақылаун, жұмыскерлердің этикалық құндылықтарын, құзыреті мен жауапкершілігін, Қоғамның ұйымдастырушылық құрылымын, оның адами, қаржылық және басқа да ресурстармен анықталатын мүмкіндіктерін қамтиды.

34. Қоғам қызметі тәуекелдерді жұмыскерлердің түсінуін көтеретін және тәуекелдерді басқару үшін олардың жауапкершілігін көтеретін ішкі орта құруға бағытталған. Ішкі орта Қоғам қызметінің мына ұстанымдарын қолдауы тиіс:

1) шешімдер қабылдау кезінде тәуекелдердің барлық нысандарын сәйкестендіру және қарау, сондай-ақ, Қоғам басшылығы болжамдарының кешенді тәсіліне қолдау көрсету;



2) басқару иерархиясының тиісті деңгейлерінде (Қоғамның, ҚБ және т.б.) тәуекелдерді басқару тәуекелі үшін меншікті және жауапкершілікті сезінуді қолдау;

3) жұмыскерлер қызметінің Қоғамның ішкі саясатына және рәсімдеріне сәйкестілігін ізінен қадағалап отыру;

4) ТБЖ айтарлықтай тәуекелдері мен кемшіліктері туралы уақытылы ақпараттандыру;

5) осы Саясат пен ТБЖ саласындағы рәсімдер міндетті болып табылатындығын түсіну.

35. Қоғамның сыртқы ортамен (бизнес құрылымдармен, әлеуметтік, реттеуші және басқа да мемлекеттік қаржылық органдармен) өзара қарым-қатынасы ішкі ортада көрініс табады, оның қалыптасуына әсер етеді. Сыртқы орта өз құрылымында күрделі болып табылады және саланың өзара байланысты әртүрлі аспектілерін қамтиды.

36. Тәуекелдерді басқару үдерісі кросс-функционалдық өзара іс-қимылға негізделеді. Функционаларалық (үдерісаралық) тәуекелдерді (бірнеше функцияның (бизнес-үдерістердің) мақсаттарына әсер ететін тәуекелдерді) басқару үдерісі әртүрлі ҚБ-дегі (бизнес-үдерістердің қатысушылары мен басшыларында) ақпараттың негізінде, бірлесе қабылданатын алқалық шешімдерге негізделеді.

37. Тәуекелдерді басқару үдерісінің Қоғамның стратегиялық жоспарлау үдерісімен өзара байланысы мыналарды қамтиды (бірақ бұлармен ғана шектелмейді):

1) Қоғамның Даму стратегиясын әзірлеу үдерісі алға қойылған стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге әсер етуге қабілетті тәуекелдерді анықтау мен талдауды қарастыруы тиіс;

2) Қоғамның Даму стратегиясы жоспарланған стратегиялық бастамаларды іске асырумен байланысты негізгі тәуекелдердің ықтимал жағымсыз әсерін барынша төмендетуге бағытталған шаралар кешенін қарастыруы тиіс.

38. Тәуекелдерді басқару үдерісінің Қоғамның операциялық қызметі үдерісімен өзара байланысы мыналарды қамтиды (бірақ бұлармен ғана шектелмейді):

1) тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын, сондай-ақ, іс-шаралар жоспарының орындалуы жөніндегі есептілікті уақытылы ұсыну ҚБ қызметінің тиісті жылдық жоспарларына енгізілуі тиіс;

2) тәуекел иесі өзі ұсынған Тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру үшін қажетті уақытша және әкімшілік ресурстарды шынайы бағалауы тиіс;

3) ҚБ жұмыскерлері Тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарында қарастырылған іс-шараларды орындау үшін қажетті уақытша және әкімшілік ресурстар бөлуі тиіс;

4) Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасының қарауына шығарылатын мәселелердің бастамашылары, тәуекелдердің жоғары ықтималдығы мен маңыздылығы барысында, өз материалдарына (түсіндірме жазбаларға) шығарылған шешімдердің қабылдануымен, сондай-ақ, қабылданбауымен де байланысты тәуекелдерді сипаттаған тармақтар қосады.



7. Тәуекел-тәбетті және Қоғамның шешуші тәуекелдеріне төзімділіктің деңгейлерін анықтау

39. Қоғам стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу үшін өзі қабылдауға дайын тәуекел-тәбетті анықтайды. Тәуекел-тәбет Қоғам ішінде тәуекелдерді мониторингтеуге және жауап қату үшін қажетті ресурстарды бөлуге, үдерістерді ұйымдастыруға және инфрақұрылымды құруға әсер етеді.

40. Қоғамның тәуекел-тәбетін және тәуекелдерге төзімділік деңгейін анықтауды Қызмет жүргізеді және Қоғамның Директорлар кеңесіне бекітуге шығарады.

41. Тиімді мониторингтеуді жүзеге асыру және Қоғамдағы тәуекел-тәбеттің деңгейінің көтеріліп кетуін болдырмау мақсатында шешуші тәуекелдерге төзімділік деңгейлері қолданылады.

42. Шешуші тәуекелдерге төзімділік деңгейлерін екі негізгі тәсілдің негізінде тәуекелдердің иелері анықтайды:

- 1) субъективті тәсіл;
- 2) объективті тәсіл.

8. Тәуекелдерді сәйкестендіру, жіктеу және оларды бағалау және басқару әдістері

43. Шоғырландырылған және жекелеген негізде Қоғамның басталуы жоспарланған мақсаттарға жету мен алға қойған міндеттерді іске асыру қабілетіне теріс әсер етуі мүмкін оқиғалар әсеріне ұшырағыштығын анықтау үшін Қоғам, «Қазтелерадио» АҚ тәуекелдерді сәйкестендіру, бағалау және басқару қағидаларына сәйкес, тәуекелдерге жауапкершілікті сәйкестендіреді әрі бағалайды, талдамалайды, анықтайды және жауап қату әдістерін таңдайды.

44. Тәуекелдерді сәйкестендіру мен бағалау өмірде бар тәуекелдер мен олардың мөлшерлері бойынша барынша «осал» орындарды анықтау үшін базалық саралауды жүзеге асыру жолымен жалпы болжамдар ұсынуға бағытталған. Бұл үдеріс өзекті тәуекелдерді басқарудың қолданылатын әдістері мен рәсімдерін бағалауды жүргізуге және алға қойылған мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік береді.

45. Тәуекелдерді басқару шығындар ықтималдылығының теріс әсерін азайтуға немесе Директорлар кеңесі бекіткен Қоғамның шешуші тәуекелдерін басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарларына сәйкес, қызмет тәуекелдерімен байланысты шығындар туындаған кезде қаржылық өтеу алуға мүмкіндік беретін, орнатылған саясаттар, рәсімдер, автоматтандыру, тексеру және т.б. арқылы шараларды іске асыруды жасау үдерісін білдіреді.

46. Тәуекелдерді жіктеу үшін Қоғам Холдинг орнатқан тәуекелдердің топтастырылуын қолдануына болады.

47. Тәуекелдерді егжей-тегжейлі жіктеу, тәуекелдерді басқару үдерісі құралдары мен рәсімдері, тәуекелдерді басқару жөніндегі есептілікті ұсыну тәртібі мен нысандарымен қоса, тәуекелдерді басқару үдерісі қатысушыларының міндеттері, функциялары мен жауапкершілігі, тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар және тәуекелдерді басқару үдерісін құрайтын басқа да бөліктер

«Қазтелерадио» АҚ тәуекелдерді сәйкестендіру, бағалау және басқару қағидаларында айтылады.

48. Тәуекелдерді басқару, Қоғамның Директорлар кеңесіне, Басқармасына есептілік қалыптастыру және ұсыну төмендегілерге жол ашады:

1) тәуекелдердің иелеріне мойнына қандай да болсын шешуші тәуекелдерді басқару жауапкершілігін бекіту;

2) Қоғамның тиісті деңгейінде басқарылуы қажет барлық тәуекелдер туралы ақпаратты Қоғамның Директорлар кеңесі назарына уақытылы жеткізіп отыру;

3) Қоғамның кросс-функционал тәуекелдерін басқару барысында ақпаратты тиімді алмасуды қамтамасыз ету;

4) ағымдағы тәуекелдерді және тәуекелдерге жауап қату бойынша шаралардың орындалуын бақылау және мониторингтеуді жүргізу;

5) қызметті жүргізу шеңберінде өзекті ақпаратқа мүдделі серіктестерді уақытылы ақпараттандырып отыру.

9. Тәуекелдер туралы ақпараттың құпиялылығына қойылатын талаптар

49. Қоғамның лауазымды тұлғаларына қандай да болсын тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар немесе сипаттамалар, бағалаулар туралы егжей-тегжейлі ақпаратқа рұқсат беру туралы шешімді тәуекелдердің иелері қабылдайды.

50. Қоғамның Директорлар кеңесінің, Басқармасының мүшелері, Сапа жөніндегі комитет мүшелері, Қызмет жұмыскерлері тәуекелдер туралы кез келген ақпаратқа шектеусіз қолжетімділікке ие.

51. Осы Саясат ашық құжат болып табылады және тұлғалардың кең тобына танысу және пайдалану үшін қолжетімді.

52. Тәуекелдерді басқару жөніндегі өзге де ішкі нормативтік құжаттарды пайдалану режимін ішкі нормативтік құжаттардың өзі белгілейді.

53. Тәуекелдер туралы және оларды басқару жөніндегі Іс-шаралар жоспары туралы ақпаратқа рұқсат алған сыртқы тұлғаларға қолжетімділікті құпия ақпаратты жарияламау туралы келісімге қол қойғаннан кейін және/немесе тараптар арасында бекітілген шарттарда жарияламау жөніндегі шектеулер көрсетілгеннен кейін беруге болады.

10. ТБЖ тиімділік өлшемдері

54. Қоғамның әр ҚБ-де ТБЖ жұмысын тиімді ұйымдастыру үшін жауапты жұмыскер анықталады, оның міндетіне өз ҚБ-дегі тәуекелдерді басқару жөніндегі жұмысты ұйымдастыру және ТБЖ рәсімдерін іске асырудың барлық кезеңдерінде Қызметпен өзара іс-қимыл жасау кіреді.

55. Қоғамдағы тәуекел-мәдениетті қолдау мен көтеру үшін жүйелі негізде жұмыс істеп жатқан жұмыскерлерге оқу жүргізіледі, жаңадан қабылданған жұмыскерлер жұмысқа қабылдану кезеңінде ТБЖ жүйесімен танысады.

56. ТБЖ тиімділігі ішкі және/немесе сыртқы аудиторлар немесе тәуелсіз сарапшылар жүргізген тәуелсіз тексерулер нәтижелерімен расталады.



11. Жауапкершілік

57. Осы Саясаттың сақталуы үшін жауапкершілік еңбек заңдылығына, ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес Қоғамның барлық жұмыскерлеріне жүктеледі.

58. Осы Саясат Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес дүркін-дүркін қайта қарастырылады.

